

БЕКІТЕМНІ

Бастауыш білім беру бағдарламалары
кәсіби даярлау бөлімінің жетекшісі


Жұмабаева А.Е.
«06» _____ 2021 ж.

«CLIL оқу-танымдық» клубының 2021-2022 оқу жылына арналған бағдарламасы

Мақсаты: «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін CLIL-әдісі бойынша жаратылыстану ғылыми бағытындағы (жаратылыстану, дүниетану) пәндерді көптілді оқытуға даярлау»

Міндеттері:

- студенттердің бастауыш сыныптардағы жаратылыстану ғылыми бағытындағы (жаратылыстану, дүниетану) пәндерінің негізгі ұғымдық категориялары арқылы үш тілдегі сөздік қорын дамыту;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін үш тілде жаратылыстану ғылыми бағытындағы (жаратылыстану, дүниетану) пәндері бойынша зерттеу алгоритмдерін жүргізуге, үш тілде сөйлеуге дағдыландыру;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін CLIL арқылы жаратылыстану ғылыми бағытындағы (жаратылыстану, дүниетану) пәндерін үш тілде оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдермен жұмыс жасауға даярлау;
- клуб жұмысының бағдарламасын жүзеге асыруда әдістемелік өнім ұсыну.
- «CLIL Educational Training Centre» ютуб желісінде оқу танымдық білім каналын ашу.

Күтілетін нәтижелер:

- бастауыш сыныптардағы жаратылыстану ғылыми бағытындағы (жаратылыстану, дүниетану) пәндері бойынша берілетін негізгі ұғымдық категорияларды оқытуы арқылы үш тілдегі сөздік қоры дамиды;
- үш тілде жаратылыстану ғылыми бағытындағы (жаратылыстану, дүниетану) пәндері бойынша зерттеу алгоритмдерін жүргізуге, үш тілде сөйлеуге дағдыланады;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдері CLIL арқылы жаратылыстану ғылыми бағытындағы (жаратылыстану, дүниетану) пәндерін үш тілде оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдермен жұмыс жасауға даярланады;
- клуб жұмысын ұйымдастыруда мақсат, міндеттердің жүзеге асырылуы бойынша әдістемелік өнімдер ұсынады;
- «CLIL Educational Training Centre» ютуб желісінде оқу танымдық білім каналдарының жұмысын жүргізу.

Клуб жұмысын ұйымдастыру формалары мен әдістері

Клуб жұмыс бағдарламасын жүргізуде төмендегідей ұйымдастыру формалары, CLIL технологиясының әдістері қолданылады. Қолданылу барысы **online/offline** форматында қатар жүргізіледі:

- конференция, ток-шоу, конкурс, семинар, фестиваль;
- пікірталастар: форум, симпозиум, «аквариум техникасы», «панельдік пікірталас», «раундробин», «брифинг» және т.б.;
- сөздік, рольдік, іскерлік, интеллектуалдық және дидактикалық жаттығулар;
- білім мазмұнына байланысты жаттығулар;
- сөйлеу қабілетін дамытуға арналған айтылым және жазылым, тыңдалым, оқылым жаттығулары: тақпақтық үлгілер, фонетикалық жаттығулар, эссе сайысы; аудиожаттығулар және жазу; мәтінмен жұмыс, лексикамен жұмыс;
- белсенді оқыту: ұжымдық, топтық, жұптық, жеке жұмыстар.

Кіріспе.

Қазіргі таңдағы көптілді білім беру мақсатында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жаратылыстану ғылыми бағытындағы пәндерді көптілді оқытуға даярлауда, сыни көзқараспен өз ойын тереңнен жеткізе алатындай болуы қажет екенін білеміз. Осы орайда аталмыш «CLIL оқу-танымдық» клуб жоспарында CLIL үлгісіндегі талаптармен жұмыс жасауды қажет ететін тұлғаға бағытталған жұмыс түрін ұсынамыз.

CLIL(ContentLanguage Integrated Learning) әдісі 90 жылдары Еуропада көптілді дамыту саясатының аясында әзірленген. Ол-оқу бағдарламасын екінші тілмен кіріктіре отырып беру әдістемесі болып табылады.

«CLIL оқу-танымдық» клубы бойынша білім мазмұны оқу бөліміндегі тақырыптар бойынша болашақ бастауыш сынып жаратылыстану ғылыми бағытындағы мұғалімдеріне арнайы ұйымдастырылған. Оқу бөлімдеріндегі тақырыптар білім, түсінік, құзіреттіліктерді және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейді; негізгі ұғымдық категорияларды оқыту арқылы үш тілдік сөздік қорды дамытады; зерттеу алгоритмдерін жүргізуге, үш тілде сөйлеуге дағдыланады; тиімді әдіс-тәсілдермен жұмыс жасауға даярланады. «CLIL оқу-танымдық» клубы бойынша жүргізілген жұмыстар барысында студенттер бастауыш сыныптардағы жаратылыстану пәнін үш тілде оқытуға арналған инновациялық өнімдер ұсынуды көздейді.

«CLIL ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ» КЛУБЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Тақырыбы	Құзыреттіліктер	Сағат саны	Ұйымдастыру Формасы	Мерзімі	Нәтиже
1	CLIL технологиясы	CLIL әдісін өз тәжірибелерінде қолданады.	1	«CLIL технологиясы» атты тақырыпта семинар өткізу	Қазан	CLIL технологиясы бойынша сабақ жоспары
2	Қоршаған орта	Қоршаған орта тақырыбы бойынша сауалнама құрастыру және сұрақ-жауап алу дағдыларын біледі.	1	«Менің өлкем» атты тақырыпта қоршаған орта жайлы үш тілде интервью алу	Қазан	Ютуб желісіне бейне материал салынады
3	Мен және қоғам	Кәсіби іс –әрекетті ұйымдастыра біледі мәдениетаралық білімдерін еркін қолданады.	1	«Тәрбие басы - тіл» атты тілдер мерекесіне арналған үш тілде ток –шоу өткізу	Қараша	Басты мерекелердің үш тілде мерекелік күнтізбесін жасау
4	Еліміз табиғаты	Лексикалық және грамматикалық, танымдық дағдыларын қолданады.	1	«Өсімдіктер әлемі» тақырыбында үш тілде фестиваль өткізу	Қараша	Өсімдіктердің әртүрлілігі жайлы «Өсімдік топтары» атты танымдық үш тілде энциклопедия жасалынады
5	Қазақстанның тарихи таныптануы	Үш тілде тарихи оқиғаларға арналған білімдерін пікірсайыста еркін қолданады.	1	Корнекі материалдар негізінде пікірсайыс өткізу	Желтоқсан	Үш тілде тарихи маңызды материалдар жинағы
6	Жер және Ғарыш	Сөйлеу-ойлау тәжірибесін кеңінен қолданады.	1	Қазіргі ғарыштық зерттеулер тақырыбында үш тілде форум өткізу	Желтоқсан	Ютуб желісіне бейне материал салынады

7	Тірі табиғат	Терминдерді, сөздік қорын пәндік терминологиямен толықтырып қолданады.	1	Жан-жануарларға қатысты мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар үш тілде айту сайысын, конкурсы өткізу	Қаңтар	Жануарлар әлемі туралы «Біз білмейтін таңғажайып әлемі» атты үш тілде шағын журнал жасалады
8	Табиғат физикасы	Табиғат физикасы бойынша үш тілде жинақталған ақпаратты қолданады.	1	«XXI ғасыр – жаңа технология заманы» тақырыпқа пікірталас өткізу	Қаңтар	Табиғат физикасы тақырыбына үш тілде Google Test жинағы жасалынады
9	Жыл мезгілдері	Жыл мезгілдеріне байланысты ақпараттарға, сөздік қорына үш тілде еркін анализ жасайды.	1	«Алтын күз» тақырыбында ҮШ тілде интеллектуалды конкурс өткізу	Ақпан	Ютуб желісіне бейне материал салынады
10	Атмосфераның қасиеттері	Тақырып бойынша терминдерді үш тілде еркін қолданады.	1	«Таза ауа» тақырыбында үш тілде фестиваль өткізу	Ақпан	Ютуб желісіне бейне материал салу
11	Теңіздер, Мұхиттар	Жер-су аттарына байланысты ақпараттарды үш тілде айта алады.	1	"Адамзат өміріндегі судың маңызы" атты тақырыпта пікірсайыс өткізу	Наурыз	Жаратылыстану пәні негізінде терминологиялық үш тілде сөздік жасалады
12	ҚР-ның рәміздері	ҚР-ның рәміздерін үш тілде сипаттайды.	1	«Біз білмейтін қызықтар» атты әр елдің рәміздеріне үш тілде топтық жұмыс жасау	Наурыз	«Мұражай-білім, ғылым» тақырыбында тарихи мұражайлар жайлы үш тілде альбом жасау.
13	Атақты тарихи тұлғалар мен өнер қайраткер	Тақырып бойынша үш тілде сұхбат жасауда қажетті материалдарды жинақтайды.	1	Мұражай қызметкерлерімен үш тілде аударма-сұхбат (интервью) алу	Сәуір	Тақырыпқа байланысты ютуб желісіне бейне сабақ салу
14	Өзім және отбасым	Өз отбасы туралы ұғымдарды үш тілде еркін қолданады.	1	«Отбасым менің байлығым» тақырыбына пікірталас өткізу	Сәуір	«Менің отбасым» тақырыбына үш тілде эссе жинағын жасау
15	Тәні сауудың – жаны сау	Денсаулық тақырыбы бойынша үш тілде жинақталған ақпаратқа анализ жасай біледі.	1	«Салауатты өмір салты» дәрігерлермен үш тілде кездесу өткізу	Мамыр	Денсаулық сақтау ережесі үш тілде

Клуб жетекшісі:

докторант Қыдырбаева Г.Б